

ФУНКЦИОНАЛДЫ СТИЛЬ МӘТИННІҢ ТҮЗУДЕГІ ПРОСОДИКАЛЫҚ ТӘСІЛ – ҚАРҚЫННЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кез келген тілдің интонациялық жүйесін анықтауда оның синтагма арқылы бір байламда тұратын, өзінің просодикалық тәсілдерінің маңызы зор. Ал, өуен, қарқын, ұзақтылық, пауза, үдемелілік, тембр – интонацияның негізгі компоненттері немесе просодикалық тәсілдер деп аталады [1]. Сөйлеу тілінде интонацияның атальған компоненттері бірімен-бірі тығыз байланысты болады. Бірақ олар сөйлемнің барлық түрлерінде әр уақытта бәрі бірдей орын алады және

бәрі бірдей тындаушыға анық естіледі деп айту қыын. Олар өзара түрлі қарым-қатынаска түсіп, сөйлемнің әр алуан түрлерін түзуші, оларды бір-бірінен ажыратушы қызмет атқарады. Интонацияның компоненттері тіл-тілдердің бәрінде қолданылатын әмбебап просодикалық тәсіл болып табылады. Бұл компоненттер негізінен тілдердің қай-қайсысында да сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай ажыратуға қатысады. Барлық тілдердегі синтагмалар арасындағы мағыналық қарым-

қатынасты білдірудің өмбебап әдісі интонацияның компоненттері немесе просодикалық тәсілдер яғни өуен, қарқын, кідіріс болып саналады.

Интонацияның әр бір құрамдас компоненті сөйлеу барысында жеке-жеке емес, тұтасып, бір-бірімен біргіп, кейде біреуі басым түсіп, кейде барлығы бірдей деңгейден көрініп сөйлемді ұйымдастырып, безендіріп тұрады. Өуен, ырғақ, кідіріс, қарқын сияқты танымдық тәсілдер колданыс тілі стилистикасының барлық саласында өзінің стильдік бояуымен, көркемдігімен ерекше рөл атқарады. Көркем мәтінді ауызша дыбыстап оқығанда просодиялық тәсілдер маңызды орынға ие. Стильдік занылыштар дауыс сазымен астасып мағынасыз, мәнсіз ойдан тазартады, керексіз пайымдауларды болдырмайды, түсінуге кедегі келтіретін стильдік қателерге жол бермейді. Просодикалық тәсілдер арқылы кез келген сөйлеу үрдісінде, дискурста, шығарма тілінде, мәтінде, тіл дыбыстарында стилистикалық бояу анық байқалады.

Стильдердегі просодикалық тәсілдердің рөлі экспрессивтік қызмет атқарады, бірақ сөйлеудің дыбыстық жағы барлық сөйлеу мәтіндерінде қабылдаушыға алуан түрлі эмоционалды әрі экспрессивті әсер бере алатынын жоққа шығаруға болмайды. Функционалды стильдерде просодикалық тәсілдердің маңызы тек эмоционалды экспрессивтілікті ғана білдірмейді, әртүрлі максатқа құрылады, дыбыс күші, қарқыны, екпіні, кідіріс сияқты дыбыс үйлесімділіктері әр стильде әртүрлі дәрежеде көрінеді.

Ақпаратты беруде интонацияның басқа компоненттері төрізді қарқын маңызды рөл атқарады. Қарқынның өзіне тән лингвистикалық мәні бар. Сөздегі, синтагмадағы, сөйлемдегі, яғни синтаксистік сегменттердегі ұзактықтардың бәрі жиналып келіп жалпы сөйлеу тілінің қарқының бейнелеуге қатысады. Сөйлеу тілінің қарқынына қарап, ондағы мазмұнның қандай екенін анықтауға болады. Жалпы сөйлеу барысындағы ырғақты топ, синтагма, сөйлемнің ұзактығының жиынтығы сөйлеу тілінің қарқын үфімын құрайды. Қарқын бір жағынан сөйлеушінің жеке басының тұлғалық ерекшелігі болса, кейбір жағдайларда оның әрқиылдығы небір жағдаят ықпалынан туындастын дыбысталу стилімен байланысты болады. Қарқынды интонация компоненті ретінде қарастырғанда синтагма ішіндегі бөлек сөздердің, не болмаса бір синтагманы басқа синтагмамен салыстырғанда олардың дыбысталу

жылдамдығының бір-біріне қатысын айтады. Профессор З. М. Базарбаева негізгі сөйлемнің қарқынына қарағанда қыстырма сегменттердің қарқыны жылдам да, көмескі болатынын атап көрсеткен.

А. М. Фазылжановың зерттеуінде, қарқын – ұзактылық сияқты интонацияның уақытқа қатысты шамасы ретінде анықталады. Қарқын деп белгілі уақыт аралығында дыбысталған буын салын айтуға болады. Басқаша айтсак, интонацияның қарқын шамасы сөйлеу жылдамдығын білдіреді. Сөйлеу жылдамдығының өзгеруі ауызша тілде өзіндік қызмет атқарады. Интонацияның барлық шамалары сияқты оның үнемі бірлесіп, көрінетін шамасы өуен, оның ішінде өуен кендігі – диапазоны болып табылады. Олардың бір-біріне қатысы параллель түрде жүзеге асады. Олай дейтініміз қарқынның баяулауы мен дауыс диапазонының кеңеюі, қарқынның жылдамдығы мен дауыс диапазонының тарылуы көп жағдайда қатар байқалып отырады. Мұндай өзгерістер арқылы сөз ағымының мазмұндық жағынан маңызды бөліктері ерекшеленеді. Егер сөйлем бірнеше құрамдас бөліктерден тұрып, оның бір бөлігі баяу айтылса, бұл дабыл тыңдарманға сол бөліктегі мазмұнға ерекше назар аудару керектігінен хабар жеткізеді. Сондыктан да, сөз иесі назар аударту мақсатында керекті сөздердің айтылу қарқының баяулатып отырады. Сондай-ақ қарқынның өзгерісі сөздегі тілдік акпартпен қоса, сөйлеушінің акпартқа қатынасын, сөйлеу кезіндегі оның эмоциясынан хабар бере алады. Баяу қарқынмен басталып, сонына қарай сөйлеу жылдамдығының арта түсетеңдігі көптеген тілдер үшін сөйлеудің ортақ занылышы ретінде байқалған. Тағы да сөйлеу қарқынның өзгерістері синтаксистік құрылымға емес, негізінен сөйлемнің жалпы мағыналық ерекшелігіне меншіктілігі туралы А. М. Фазылжанова былай дейді: «Егер құрмаластың бағыныңқы компоненттінің мазмұны сөйлеуші үшін маңызды болып табылса, онда ол басынқыдан баяу қарқынмен айтылады» [2, 28].

А. Ж. Аманбаевың зерттеуінде қарқын былай анықталған: «Қарқын – сөйлеу кезіндегі айтар ойдың маңызды және маңызсыз тұстарын ажыратуға септігін тигізетін, ұзактылық сияқты уақытқа қатысты шамасы. Яғни сөз ағымында қарқын, сөйлеу жылдамдығын білдіріп отырады. Әсіреле, қарқынның баяулауы мен жылдамдауы дайындықсыз сөйлеу кезінде анық байқалып отырады. Эксперименттік зерттеуден көргендей,

сөйлеу кезінде мағынасы зор, маңызды тұстары баяулау қарқынмен айтылады» [3, 17].

Мәтіндердің функционалды стилистикалық саралануына əсер ететін суперсегменттік фонетиканың тәсілі сөйлеу қарқыны болып табылады. Ырғақ, интонациялық мүшелену, кідіріс және тағы басқалары сияқты мәтінді уақытша үйимдастыруға катысады. Қарқынның стилистикалық функциясын анықтау үшін қарқынның қалыпты және стилистикалық сипаттамасын және олардың əртүрлі жанрдағы, стильдегі мәтіндерде колданылуын анықтау керек. Сөйлеу қарқыны уақыт бірлігіндегі сөз және буын санымен анықталады. Қарқын сипаттамасының интонация мен кідірістен айырмашылығы оның тек дыбысталған мәтінге тән болуында, дегенмен де кейде ол жазба мәтіндегі жанр мен стильтеге сәйкес қарқынның шектелуіне байланысты. Қарқын немесе мәтінде оку жылдамдығы жеке, дара тілдік сипат тәрізді құбылысқа байланысты. Мәтін ырғағы, кідіріс және синтагмалық мүшелену сипаты, сөзді айту жылдамдығы оқылған мәтін қарқынның əсер етуі тілдік ережеге қатысты болады.

Енді қарқынға əсер ететін суперсегменттік фонетикалық құбылыстарға тоқтала кетсек. Құбылыстар арасында қарқынға əсер ететін уақыт бірлігінде ең алдымен сөзді дыбыстау жылдамдығын анықтау қажет. Қарқын көрсеткішін анықтау үшін қарқын көрсеткішін анықтауда қарқынды санау қажет. Ол тек дыбыстау уақытын есептейді. Сонымен сөйлеушінің кідіріске жиберген уақытын есептемей, сөзді дыбыстау жылдамдығын есептеуге болады. Қарқынның кідіріс пен кідіріссіз көрсеткішін салыстырғанда сөзді дыбыстау жылдамдығы туралы болжам жасауға болады.

Сөзді дыбыстау жылдамдығын игеруде мынаны ескерген жөн. Бұл кесіби мақсатты қалыптастыру дағдысы, яғни кімнің жұмысы көпшілік алдында сөйлеумен байланысты болса, жылдам сөйлеу дағдысы анық сөйлеу дағдысымен тығыз байланысты. Бұны арнаулы театр училищелерінде сөйлеу техникасы сабағында үйретеді. Сөйлеу техникасына арналған окулыктар тек кана болашақ əртістер ғана емес, сонымен қатар осыған лайық дағылануға ниет білдірушілерге жаксы дикция қалыптастыруға көмектеседі. Дикция – латын тілінен аударғанда «айту», «айтылу» деген мағынаны білдіреді [4, 34]. Тағы да, дикция дикторға, жүргізушіге, kommentatorға қажетті анық және нақты сөйлеу қасиеті болып табылады [5, 158].

Сөзді тез дыбыстап айту дағдысы қарқынды түрлендіруге мүмкіндік береді. Əртістер, журналистер хабардың жанрына байланысты кесіби диалогтарында қарқынды тез өзгерту қабілеттеріне ие. Мысалы түсініктеме немесе репортаж жанрында кейде сөз бен сөйлемдерді анық айтуды сактаумен қатар өте жоғары жылдамдықпен айтуды талап етеді. Басқа жағдайда мәтін жанры сөзді дыбыстау жылдамдығын баяулатуды талап етеді. Ең қарапайым кен таралған тәсіл – сөзді дыбыстағанда баяу дыбыстау болып табылады. Осында тәсілмен дыбысталған сөздер ерекшеленеді және қосалқы эмоцияға немесе мағынаға ие болады.

Қарқын мөлшері кідірістің сипатына байланысты. Нактылы грамматикалық кідірістің орташа ұзақтығы 0,6 с құрайды. Мұндай кідіріс ұзақтығы стилистикада бейтарап. Накты кідіріс акпараттық жанрларда, публицистикада, ғылыми және реңсі стильде 0,6 с созылады. Көркем əдебиет стилінде кідіріс 3–4 с дейін созылады. Бұл жанрда орташа көрсеткіш шартты түрде алынып отыр. Публицистикада кідіріс өткізу көрсеткішінде мысал келтірсек, нактылы грамматикалық кідірістің орташа мөлшері 0,6 с тең.

Осылайша қарқын мөлшері сөйлеу уақыты мен үндемеген кездегі уақытқа сай құралған тек кана сөзді дыбыстау жылдамдығына байланысты емес, бірақ кідірістің саны мен ұзақтығы, мәтіннің функционалды бағытына байланысты болады. Мысалы, реңсі стильде үзіліс көп болған жағдайда үзілістің жалпы уақыты маңызызыз өйткені, онда кідіріс саны өте көп және толық кідірістер қысқа келеді. Интонациялық мүшелену қарқынға тікелей əсер етеді. Ол міндетті және қосымша болуы мүмкін, және ол мәтіндерді қысқа және ұзақ сөйлемдерге бөліп окуға мүмкіндік береді. Қысқа фразаларға бөліп оку дыбысталған мәтіннің жалпы қарқынның баяулатады және көп кідірістер орын алады, ал керісінше, ұзақ фразаларға бөлу қарқынды жылдамдатуға мүмкіндік туғызады. Қарқын сонымен бірге интонацияға да байланысты. Н. Д. Светозарова мен Н. И. Гейльман көрсеткендей, қарқынның өзгеруі интонацияға байланысты. Сұрап қарқынның баяулауы оны тануды төмендетеді, бүйрықты сөйлемдерде қарқынды баяулату карсы қойылған, ол хабарлы сөйлемге тән.

В. В. Борисенко ғылыми, сөйлеу тілінде сөйлеудің дыбысталуының əртүрлі типін зерттеп,

келесідей корытынды жасаған: жылдам қарқын тонды төмендеді, ал баяу қарқын тонды жоғарылатады. С. И. Берншteinнің айтуынша, жылдам қарқын дауыстың қаттылығы төмендеуімен, ал баяу қарқын оның жоғарылауына әкеледі. Басқа да түрлі мәтіндерден кері байланыс табуға болатындықтан, мұндай байланыс өмбебап бола алмайды. Мысалы, Н. Озеров спорт репортаждарында қарқынды жылдамдатып тонды жоғарылату мен дауысты катаиту қоса жүретіндігін айтады.

Қарқын дыбыстың ұзактығына, логикалық екпінге де әсер етеді. Егер мәтінде логикалық екпін көп болса, оның қарқыны баяу болады. Мәтінге логикалық екпін экспрессиялық бояу береді де қарқын баяулайды. Қарқынның негізгі белгісі – маңызды мағынаны қосалқыдан бөліп көрсету, сөйлемдегі маңызды ой баяу қарқынмен дыбысталады. Қарқынның көмегімен адам өз көңіл-күйін білдіреді. Қарқын ашуланғанда, қуанғанда, сергек болғанда жылдамдайды, ал ойланғанда, шаршағанда, селсок күйде баяулайды. Л. К. Цеплитистің айтуынша, қарқынның өзгеруін қабылдау қарқынның мөлшерін нақты білмеуге байланысты. Зерттеу нәтижелері көрсеткендегі, орташа қарқын минутына 70-80 сөзді құрайды, баяу қарқында 50-60, жылдам қарқында 90-120 сөз қамтылады. Функционалды стильдегі диктор сөзі – жылдам қарқын, лекция – орташа қарқында, сұхбат – баяу және қалыпты емес сипат алады.

Н. С. Костромская зерттеулерінде дайындықсыз диалог пен радиопесаның диалогын салыстырады. Онда ерекшелік хезитациялық кідіріске байланысты болып шығады. Ал қарқын екі түрлі мәтінде де ұқсас келіп түседі, орташа, жылдам, баяу қарқын сөйлемнің басынан аяғына дейін ауысып отырған.

Даярлықсыз сөйлегенде қарқынды бірнеше нұскадағы сипатта көруге болады. Ал алдын ала даярланған мәтінде мұндай нұскалар сирек кездеседі. Орташа қарқын барлық функционалды стилде орын алады. Мысалы, ресми стиль мен публицистикалық стильге жылдам қарқын, ғылыми стильтеге орташа және жылдам, көркем әдебиет стилінде орташа және баяу, сөйлеу тілі стилінде орташа және жылдам қарқын тән. Жылдам қарқын мен баяу қарқын қабылдауды киындалады. Л. В. Щерба айтқандай түрлі қалыпта сөйлеген сөз қарқынмен тікелей байланысты келеді. Қалыпты стиль – орташа қарқында, толық – баяу

қарқында, толық емес – жылдам қарқында келеді.

Адамдар өзгеріске түсетін қарқынды қабылдауға бейім келеді, бір сарындағы қарқын қабылдауға келмейді. Сондықтан қарқынның өзгеріске түсіу функционалды маңызды болып келеді. Басқа суперсегменттік тәсілдермен салыстырғанда қарқын – мәтін құраудағы өнімді тәсілдердің бірі. Дегенмен де ол басқа тәсілдермен бірлесе отырып мәтіннің ырғакты-интонациялық құрылымын түзейді.

Түрлі функционалды стильдердегі қарқынның қөрсеткіштерін салыстыру төмендегідей корытындылар жасауға әкелді. Біршама тұракты мәтіндерге ресми стиль мен публицистикалық стильдегі ақпараттық жанрларды жатқызуға болады. Онда минутына 90 сөз қамтылған. Ғылыми стиль мәтіндерінде 90-100 сөз қамтылды. Көркем әдебиет стилінде 70-80 сөз, сөйлеу тілі стилінде – 80 сөз көбінесе тұраксыз келеді.

Қарқынға жанрлардың көп түрлілігі де әсер етеді. Мысалы, публицистикалық стилде қарқын тұракты және тұраксыз келеді. Ұған қоса кідірістің орын алуы да әсер етеді. Мысалы, ақпараттың қарқыны жылдам және тұракты. Сонымен бірге грамматикалық кідірістер кыска келеді. Белгілі бір функционалды стильтеге жататын дайындықсыз және даярлықпен сөйлеу, негізінен, қарқынның тұрактылығымен ғана ерекшеленеді. Дайындықсыз сөйлеуде қарқын жылдамдығы фразалардың аяғында байқалады.

Қарқынның шектен тыс өзгеруі көркем әдебиет стилінде орын алады. Негізінен бұл мәтіндердің қарқыны орташа деп анықталады, минутына 70-80 сөз. Ең жылдам қарқын юморлық әңгімелерде минутына 93 сөзге жетеді. Қарқынның көп нұскалылығы, негізінен, көркемдеуіш тәсіл тәрізді сипат алады. Сөйлеу тілі стилінде қарқыны, көп жағдайда, орташа сипатта минутына – 79 сөз. Қарқынның ерекшеліктері, негізінен, сөйлеушінің жеке бас касиеттері мен экстралингвистикалық себептерге байланысты. Сондықтан бұл стильтің қарқынның бір текті деп айту қыын. Л. В. Щерба бұл стильтің қарқынның жылдам десе, сахна шеберлері баяу деп бағалайды. Көркем әдебиет стилі мен сөйлеу тілі стилінде қарқыны ұқсас келгенімен, бірқатар айырмашылықтары да бар. Ол қарқынға әсер ететін кідірістің орын алуына байланысты болады. Сондықтан көркем әдебиет стилінің қарқыны тұракты,

ал сөйлеу тілі стилінің қарқыны өзгергіш, құбылмалы болып келеді.

Қорыта келгенде, сөйлеу кезіндегі кідірістегі сөйлеудің орташа жылдамдығы – қарқын болып табылады. Қарқын секундтарда дыбысталған буын санымен өлшенеді. Қарқынды өлшеу мен бағалау екі жағдайда болады: қабылдау және уақытты өлшеу негізінде. Қарқынды нақты анықтауда үш сипат белгілі: орташа (қалыпты), жылдам және баяу. Қарқын қалыпты немесе қарапайым және өзгергіш, құрделі келеді. Сөйлеу қарқыны тақырыпка, тілдік бірліктердің санына, уақытқа (уақыт қысқа болғанда қарқын жылдам болады), үзактылыққа байланысты. Сөздің басталуы мен аяқталуы қарқынды бағулатқаннан білінеді. Қарқынның негізгі белгісі – маңызды мағынаны косалқыдан бөліп көрсету, сөйлемдегі маңызды ой баяу қарқынмен дыбысталады.

ӘДЕБИЕТ

1. *Базарбаева З.М.* Қазақ тілі интонациясының неғіздері. Алматы, 2002. 202 б.
2. *Фазылжанова А.М.* Қазақ тіліндегі қос құрамды күрмалас сөйлемдердің интонациясы: филол. ф. к. ғылыми дәрежесін алу үшін даярлаған диссертация. Алматы, 2000. 28 б.
3. *Аманбаева А.Ж.* Интонациялық бірліктердің прагмалингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. ғыл. дәрежесін алу үшін даярлаған дисс. автореф. Алматы, 2006. 11 б.
4. *Тұрақұлова Д.* Сахна тілі. Алматы: Білім, 1998. 208 б.
5. *Гаймакова Б.Д.* Мастерство эфирного выступления. М.: Аспект Пресс, 2004. С. 158.

Резюме

Рассматриваются некоторые особенности темпа, а также роль просодических средств в оформлении функционального стиля.